

и юнь Жѹма

Шыгуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Комсомол ұйымдарының барлық жұмысына егжей-тегжейіне дейін көңіл бөліп, басшылық жасау, жастарды коммунизмнің белсенді құрылысшылары етіп тәрбиелеу—жергілікті партия ұйымдарының үздіксіз шұғылданатын негізгі міндеттерінің бірі.

ҒЫНЫ

11

алдына қойылды
дәрежесінде болып,
асыра алатындай
жұмысына партия-
сізінен жақсарту ке-
рының секретарьла-
н жұмысына күнбе-
тыруға, оның кем-
уға, қателерін түзе-
лестерді большевик-
ардылықпен тәрбие-

кен аудандық ком-
парында делегаттар
ң кемшіліктерін аша
комсомол ұйымдары-
лықтың жеткіліксіз
Фактілер шын жағ-
екенін көрсетеді
ұйымының ішкі жү-
астармен байланысы
ен дедік. Бірақ, бұл

Теміржолшылар күні қарсаңында

Паровозшылар
алда келеді

Машинист Потешкин өз паровозын кабылдағаннан кейін қандай салмақтағы поездар жөнелтілуге әзірленіп жатқаны жөнінде станция кезекшісі Волков жолдастан анықтап, біліп алды.

Кезекші нормадағыдан 900 тонна артық жүгі бар маршрут әзірленгендігін айта келіп, оны тіркеудегі екі паровозбен жеткізу қажет екенін ұсынды.

—Бір паровозбен де жеткіземін,— деді Потешкин, —паровозым мұндай сыннан мүдірмей өте алады.

Өз паровозын қайта-қайта мұ-
қыят байқап шығып, ол қарамағын-
дағы бригада мүшелеріне жол-жө-
некей өте-мөте қырағы болу е-
рек екенін ескертті. Бұдан кейін
поезд диспетчерімен бір сапарға
арналған социалистік шарт жаса-
ты.

...Жасыл светофор ашылган. Поезд баяу жылжый бастады. Қатардағы жолдармен қарсы келе жатқан ауыр составты поездар жоғары жылдамдықта, тоқтаусыз өтіп жатыр. Оларға қарап Потешкин:

—Ауыр салмақты состав, шап-шандық — деген пікірді ойына мықтап түйді.

Бұдан жарты жыл бұрын петропавлдық паровозшылар нормадан тыс жүк тиедген поез-

Люблиндік жаңашыл-
дардың үлгісімен

Петропавл жол дистанциясы мастерскойларынын жұмысшылары сталиндік теміржолшылар күні күрметіндегі социалистік жарыска белсене ұштаскан. Жұмысшылардын басым көпшілігі әрбір өндірістік операцияны мінсіз жоғары сапалы атқару жолындағы міндеттемелерін аброймен орындап келеді.

Ағаш шеберлері Разов және Кацын жолдастар еңбек өнімділігін екі есе арттырумен қатар, өз жұмыстарындағы ақауды мүлдем жойды. Штукатурлар апалы-сіңлілі Анастасия және Анна Кононенко күн сайын өздеріне берілген материалдардың 5 процентін үнемдеп отырады.

Дистанциялық мастерскойлардың коллективі жол құрылысына қажетті бөлшектерді жөндеу және дайындау жөнінде ай сайын тапсырманы артық орындаумен қатар, өнімнің тек қана жоғары сапалы болуына жетісті.

Өндірістік-финанс

жоспары

Петропавл жол бөлімшесінде бір сапарға арналған өндірістік -финанс жоспары кеңінен қолданылуда. Жуырда машинист Михаил Абрамовтың бригадасы бір поездін Макушинаға апарып, екіншісін одан алып қайтты. Өндірістік -финанс

Жемшөп дайындау жедел
қарқынмен жүргізілсін .
☆ ☆
Нысанам—1800 гектар

Қоғамдық мал басын біркезде оның өнімділігін арттыра отырып көбейту міндетінің ойдағыдай жүзеге асырылуы, ең алдымен, малдың құнарлы жемшөппен мол қамтамасыз етілуіне байланысты. Осыны еске ала және Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің үндеуін қызу қолдай отырып, мен быйылғы жылы өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасымен шөпті өткеш жылғыдан әлде қайда көп шабуды көздеп отырмын. Менің міндеттеме—өз машинамен 1800 гектар жердің пішенін шабу.

Кең алымды шөп машинасымен өнімді жұмыс істеу үшін оны шөп шабуға тыңғылықты әзірлеу керек. Тек осы жағдайда ғана ол шөпті әрі тез, әрі көп шабатын болады. Мәселен, өткен жылы машинамы күні бұрын сапалы жөндеуден өткіздім. Осының арқасында бүкіл шөп шабу науқаны бойына менің машинамы үздіксіз жұмысқа қосылды. Бұл жылы бір өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасымен 1505 гектар жердің пішенін шаптым. Сменалық нормам — орта есеппен 30 гектар жердің пішенін шабу

үшін әрбір смена сайын кемінде 40—50 гектар жердің пішенін шабу керек болады. Осыған байланысты мен бүкіл науқан бойына жұмысты сағаттық график бойынша істеуді, сөйтіп, күндік норманы бірнеше рет асыра орындауды көздеп отырмын.

Машинаны сапалы жөндеумен ғана іс бітпейді. Олай болса, оны толық қуатымен жұмысқа пайдаланудың ендігі бір шарты — машинаны ұдайы жоғары техникалық күтімде ұстау. Бұл шарт орындалмаса, қандай сапалы жөнделген машина болсын жұмыс үстінде тоқтай береді, жұмысты өнімсіз істейтін болады. Мұны өз тәжірибемнен айқын көріп жүрмін. Осыны ескеріп, мен машинаны баптап күтудің граfiягін жасадым. Осымен қатар, машинаның қосалқы бөлшектермен де жеткілікті қамтамасыз еттім.

Барлық пішеншілермен тығыз байланыса жұмыс істей отырып, мен өзімнің жоғарыдағы көтеріңкі міндеттемді толық орындап шығамын. Сөйтіп, мал азығының кемінде біржарымжылдық, екіжылдық қорын жасау ісіне келеді үлес қосамын.

дерезінде өткізілмейді, ал, өткізілетін болса жыйналыс тыянақты әзірленбейді. Тіпті кей жерлерде мүшелік жарнаны бірнеше айлап төлеушілік фактілері де кездеседі. Сол сыяқты, комсомолецтердің өндірісте белсене еңбек істеуін қамтамасыз ете алмаушылық та орын алып жүр. Мұндай елеулі кемшіліктер Соколов ауданындағы «Заря коммунизма», Калинин атындағы колхоздарының, Приешім ауданының «30 лет Казахстана», «Красные всходы» колхозының комсомол ұйымдары сыяқты бірқатар ұйымдарда жиі кездеседі.

Қай жерде комсомол ұйымдарының жұмысына партия басшылығы тиісті дәрежеде болса және көмек көрсетіліп отырса, ол жерде комсомол жү-

тері мен бастауыш ұйымдарының барлық жұмысына күнбе-күн назар аударып отыруы, жұмысты нәтижелі болатындай етіп ұйымдастыруы үшін кеңес беріп, көмек көрсетуі, қателері болса дерезінде түзетіп отыруы, комсомол ұйымдарын іскер жас кадрлармен нығайтуы және жалпы комсомол жұмысын жақсартуға бағытталған басқа да шаралары болып табылады.

Комсомол ұйымдарының барлық жұмысына егжей-тегжейіне дейін көңіл бөліп, басшылық жасау, жастарды коммунизмнің белсенді құрылысшылары етіп тәрбиелеу — жергілікті партия ұйымдарының үздіксіз шұғылданатын негізгі міндеттерінің бірі.

Москва аяккіімшілерінің үлгісі бойынша

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Кеше Жамбылдың былғары заводында өнімнің өзіндік бағасын кеміту жарысының қорытындысы шығарылды. Заводта Москва аяккіімшілерінің — жанашилдар М. Левченко мен Г. Мухановтың бастамасына қосылған он даған жұмысшы бар. Былғарышылар өндірістік-экономикалық көрсеткіштерін үздіксіз жақсартуда. Олар бес айлық программаны ойдағыдай орындады. Өнімнің өзіндік бағасы жоспардағыдан 7,9 процент кемітілді. Хромның сорттылығы артты.

Поезды шапшаң жүргізушілердің паровоз колонналары

АТБАСАР. (Ақмола облысы). (ҚазТАГ). Қарағанды магистралінің Атбасар депосында поезды шапшаң жүргізуші машинистердің үш колоннасы ұйымдастырылды. Паровозшылар Теміржолшылар Күнне арналған жарысқа қосылды. Магистральдің тандаулы машинисі Стерликов жолдас басқаратын колоннаның коллективі паровоздардың тәулік жүрісі жөніндегі тапсырманы 82 километр асыра орындап, көп отын үнемдеді. Машинист Песик жол-

Барлық цехтар жұмысты пайдалы істейді. Осының бәрі ондаған мың сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді.

15 бригадаға мінсіз сапалы жұмыстың бригадасы деген атақ берілді. Коммунистер Павел Бездетко, Иван Яковлев, Әбіш Юлдашев, комсомолка Райса Верченко басқаратын тері шелдеушілердің, сүргілеушілердің бригадалары стахановша еңбек етуде. Бұл бригадалардағы барлық жұмысшылар айына екі нормадан орындайды.

дас басқаратын колоннаның паровозшылары бір күннің ішінде ауыр салмақты екі поезд жүргізіп, нормадан тыс 2240 тонна жүк тасыды.

Чередниченко жолдастың бригадасы да сапарды өте жақсы өткізді. Бригада салмағы нормадан 2.100 тоннадан асатын поезд жүргізді. Стахановтық коллектив паровоздың тәулік жүрісі жөніндегі тапсырманы 99 километр арттырып орындады.

Петропавлдың «Екпінді» кәсіпшілік артелі коллективінің социалистік жарысы зор өрлеу үстінде жүріп жатыр. Еңбек қарқыны күн сайын еселеген қарқынмен арта түсуде. Осының нәтижесінде коллектив жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шықты.

Бір үлгідегі бас киімдер тігу цехының тігіншілері Нурания Хасанова, Шәрбан

Садуақасова және Рауза Игатинова жолдастар айлық тапсырмаларын үнемі 130—150 проценттен орындап, еңбек өнімділігін арттыру жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Артель мүшелері өткен бес айдың ішінде мемлекетке жоспардан тыс 359 мың сомның өнімін берді.

Қ. ЖАУКИН.

Құрылыс ұйымдарының шұғыл міндеттері

Қазақстан большевиктерінің V съезі республиканың коммуналдық шаруашылығының қызметкерлері алдына тұрғын үй-коммуналдық құрылыс қалаларды көркейту, күрделі құрылыс жоспарларын сөзсіз орындауға жетісуді негізгі міндеттердің бірі етіп қойды. Сонымен қатар, КК(б)П-ның V съезі құрылыс ұйымдарынан салынып жатқан құрылыстарды дерезінде пайдалануға беруді, қолда бар тұрғын үй қорларын уақытында күрделі жөндеуден өткізуді талап етті.

Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін барлық жерлердегі сыяқты Петропавл қаласының құрылыс ұйымдарында да күш-мүмкіншіліктер жеткілікті. Қаланы көркейту және құрылыс жұмыстарын кеңінен өрістетіп жүргізуге мемлекет жыл сайын көптеген қаржы босатады. Мәселе сол қаржыларды уақытында, дұрыс пайдалануда болып отыр. Егер, босатылған қаржы жоспарда көрсетілген құрылыс жұмыстарына толық және тиімді пайдаланылса, коммуналдық шаруашылық орындарының алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай шешуге болатындығы күмәнсіз.

Үстіміздегі жылы Петропавл қаласының коммуналдық шаруашылық қызметкерлері Қазақстан КК(б)П V съезі қойған міндеттерді мүлтіксіз орындау үшін 1952 жылдың күрделі және тұрғын үй құрылысы жоспарын мерзімінен бұрын орын-

дауға бағытталған социалистік міндеттемелер алған болатын. Бұл міндеттемелерді жүзеге асыру жөнінде кезінде нақтылы шаралар да белгіленді.

Бірақ, күні осы уақытқа дейін коммуналдық шаруашылық қызметкерлері өздері қабылдаған сол міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуына барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдырмай-ақ келеді. Құрылыс жұмыстарын ешбір бәсеңдетпей, кең өрістетіп отырып жүргізуге толық жағдай бола тұрса да, қалада тұрғын үйлер құрылысының жоспары үстіміздегі жылдың бірде-бір айында орындалып көрген емес. Қалалық жөндеу-құрылыс мекемесі (бастығы Буяков жолдас) 1952 жылға арналып босатылған 1.190 мың сом мемлекет қаржысынан өткен төрт айдың ішінде тек қана 1 мың сом қаржы пайдаланды. Мұны қалада жөндеу-құрылыс мекемесі таранынан ешбір жұмыс жүргізілмеді деп қана бағалау керек. Осы мерзім ішінде көлемі 5 мың шаршы метрлік жөндеуге тиісті 36 тұрғын үйден бірде-бір үй жөндеген жоқ.

Жөндеу-құрылыс мекемесінің басшылары құрылыс материалдары — әсресе, ағаш, кірпіш-цемент және үйдің төбесін жабатын материалдар болмағандықтан жоспарды орындай алмай келе жатырмыз деп, өздерінің жұмысындағы кемшіліктерді бүркемелеуге әрекеттенеді. Бірақ,

рылып отыр. не 7 ат тырды. Бұл жөнмен ұсталар. Колхоз мүдьяқтардың ұйылғы жылы жасауды өздедеттердің бірі

олар керекті мемлекеттік нін, жергілікті ісіне өздерінің ғандықтарын

Жалғыз ол басқармасы жөндеуден өт орындай алма ына босаты ғын үй басқ алғашқы төр аз-ақ артық

Сол сыяқт месі де (баст дық жоспард цент орында міз қажет, б қолда бар құ лануда кешіп отыр. Социал мен, құрылыс темелерді жү тыңғылықты Мұның үстін масы жөндеге ше төмен. О және мәдени ле жатқан е сай емес.

көптеген ола Қалада су салу, қала к туарлар мен тін қайтадан

Н мәдениеті

идеяларды университеттерді маңдай алды прогресшіл профессорлар мен студенттерден «тазарту» жөнінде науқан жүргізілуде. АҚШ-тың жоғары оқу орындарында жасалып отырған террорды фашистік Германияның университеттерінде жасалған террормен салыстыруға болады.

Маршалландырылған елдердің жоғары мектебі де дағдарысқа ұшырап, құлдырауда.

Біздің мәдениетіміздің өркендеуі нәтижесінде ғылым мен техника көрнекті табыстарға жетуде.

Сталин жолдас революциялық дағдылар мен дәстүрлері бар, ой-пікірдің керітартпалығына және тоқырап тұрып қалуына қарсы күрес жүргізетін совет елі ғылымның өркендеп көркеюі үшін қолайлы жағдай жасайды, деп көрсетеді.

Советтік өмір шындығы Сталин жолдасының бұл сөздерін тамаша қуаттайды. ССРО-да ғылым құрметті роль атқарады, адамзат қоғамының бүкіл тарихында ол ешуақытта мұндай роль атқарып көрген емес. Советтік социалистік ғылым, Сталин жолдас айтқандай, халықтан іргесін аулақ салмайтын, қайта халыққа өз еркімен, ықласпен қызмет етуге, оған өзінің табыстарын толық жеткізуге әзір отырған ғылымға айналды. Бұл ғылымның халық мүдделерінен басқа көздейтін мүддесі жоқ.

Бізге ғылым-зерттеу институттарының саны өлшеусіз көбейді, совет ғалымдарының кадрлары өсіп жетілді. 1946 жылдың өзінде-ақ, сайлаушылардың жыйналысында сөз сөйлеп және Отанымыздың таяудағы болашақта өркендеу жоспарын сыйпаттай келіп, Сталин жолдас әртүрлі ғылым-зерттеу институттарын салуға ерекше көңіл бөлінеді, деп көрсетті.

«Егер ғалымдарымызға тиісті көмек көрсетсек, — деді Сталин жолдас, — олар басқа елдердегі ғылымның табыстарын

Опера және балет театрының коллективі Қарағанды шахтерлерінің арасына келді

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Кеншілердің Мәдениет сарайында Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының гастролі басталды. ССРО-ның халық артисткасы Сталиндік сыйлықтың лауреаты Күләш Байсейтованың қатысуымен қойылған «Абай» операсының бірінші ойынын халық сүйсініп тыңдады.

Театр бйыл кеншілер арасына өзінің толық құрамымен келді. Екі айдың ішінде қарағандылықтарға 27 опера және балет постановкалары көрсетіледі. Қарағандылықтар тұңғыш рет Кабалевскийдің «Тарастың семьясы» деген жаңа операсын. Красевтің балаларға арналған «Морозко» операсын, татар композиторы Жигановтың «Алтын шаш» операсын, композитор Чулакидің «Жастық» балетін көреді.

Мәдениет сарайында және кеншілердің клубтарында театр Қарағандының көміршілерімен, шахта құрылысшыларымен, теміржолшыларымен творчестволық кештер өткізеді.

Колхозды ауыл көркейтілуде

Петропавл ауданындағы Калинин атындағы колхоз басқармасы үстіміздегі жылы көптеген қоғамдық құрылыстар салуды жоспарлады. Кәзір құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр.

Колхозда жаңа клуб салынып бітті. Онда колхоз радио торабын орнату үшін арнаулы бөлме жабдықталды. Сол сияқты, оқу залы, 150 адамға арналған зрительдер залы бар кітапхана құрылысы да аяқталды.

Клуб үйінің құрылысы аяқталысымен, ақ, колхоз жастары және мектеп коллективі клубты безендіру үшін ұрандар және плакаттар дайындауға кірісті. Колхоз

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС ҚОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 11 июнь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық Армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық Армиясының құрамалары мен қытай халық еріктілері кеше барлық майдандарда дұшпанның кескілескен атакаларын ойдағыдай тойтарып тастап, оны адам күші мен техника жағынан ұл-

кен шығындарға ұшыратқанын хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері мен жау самолеттерін аңдып атушылар отрядтары тылдағы бейбіт елді пункттерді айуандықпен бомбалауға және пулеметтен оқ жаудыруға қатысқан дұшпанның 5 самолетін атып түсірді.

Пуэрто-Рико коммунист партиясының төтенше конференциясы

НЬЮ-ЙОРК, 10 июнь. (СОТА). Сан-Хуанда (Пуэрто-Рико) апта сайын шығатын «Эль пуэбло» газетінің хабарына қарағанда, Пуэрто-Риконның коммунист партиясы төтенше конференция өткізген, бұл конференцияға партия ұлттық тәуелсіздік, бейбітшілік Пуэрто-Рико әскерлерін Кореядан дереу қайтару және жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсарту жолындағы өзінің күресін күшейтеді деп мәлімдеген. Партия ноябрьде өтуге тиіс

келесі сайлауға қатыспақ болып берік бел байлағандығын мәлімдеген.

Коммунист партиясы заң шығару жыйналысына бірнеше кандидаттар ұсынған, оның ішінде кәзір түрмеде отырған жастар басшысы Марреро, коммунист партиясының басшыларының бірі Хесус Медина, тағы басқалар бар.

Конференцияда коммунист партиясы Хуан Сантос Ривераны коммунист партиясының председателдігіне, ал, Сесар Андреу Иглесиасты бас секретарьлыққа сайлаған.

Германия коммунист партиясы басқармасының Жак Дюклоға хаты

БЕРЛИН, 10 июнь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарлауынша, Германия коммунист партиясының басқармасы Франция компартиясының секретары Жак Дюклоға хат жіберген, бұл хатта француз патриоттарының америка және француз империалистеріне қарсы неміс-француз жұмысшыларының жауынгерлік одағын құру жолындағы қаһармандық күресіне ризалық білдірілген.

Хатта былай делінген: «американ оккупациясына және АҚШ-тың француз итаршыларына қарсы күрес, францияның тәуелсіздігі жолындағы күрес біздің бітім-договорын жасасу жолындағы, Германияның бүтіндігін қалпына келтіру жолындағы, милитаристік — «жалпы договорға»

бен тағы басқа демократиялық ұйымдардың көптеген қызмет үйлерін заңсыз тартып алып тінту барып тұрған нағыз фашистік шаралар болып табылады. Бұл әдістер — Лер полициясының үстіміздегі жылдың бас кезінде Германия компартиясының қызмет үйлеріне шабуыл жасаған кезде Аденауэр үкметінің федералдық конституциялық сот алдында біздің партиямызға тыйым салу туралы заңсыз талас қойғанда, ерікті неміс жастарының одағына заңсыз тыйым салынғанда және Эссендегі қанды жексенбі кезінде қолданылған әдістер. Мұның барлығы — бір-біріне тығыз байланысты саясат. Бұл саясатты француз және неміс халықтарының ұлттық тәуелсіздік жолындағы, бейбітшілік

қазіргі бар мектептердің кемінде 80 проценті осы замандағы педагогикалық талаптарға сай келмейді.

Францияда да мектептің жағдайы өте аянышты калде. Вьетнамда империалистік соғыс жүргізуге көптеген қаражат жұмсалып отырған жағдайда, Францияда мектептің қажетіне жұмсалатын қаражат өте аз. Бұл соғысты жүргізуге күн сайын жұмсалатын қаражат сомасы жүзден астам жаңа мектеп салуға жетер еді.

Отар елдер мен тәуелді елдердегі халық-ағарту ісінің жағдайы туралы айтпаса да болады. Мына мәліметтерді келтірсе де жеткілікті: бұл елдердегі 500 миллион баладан 480 миллион баланың мектепте оқуына мүмкіндік жоқ.

Бірақ, әңгіме миллиондаған балалардың оқып білім алу мүмкіндігіне шек қойылғандығында ғана емес, әңгіме капиталистік елдердің мектептеріндегі оқудың сыйпатында.

Мәселен, Америка Құрама Штаттарында мектеп барған сайын соғыс-саясат тәрбиесін беру құралына айналдырылуы. Бұл елде жанталасқан соғыс насихаты ашық жүргізіледі, басқыншылық сая-

сатшылдықтың елдерде, ең алдымен, ең басты империалистік ел болып табылатын Америкада соғыстан кейінгі дәуірде жоғары мектеп мүлдем басқа жолға түсті.

Жоғары оқу орындарына жаңадан алынатын оқушылардың саны жылдан-жылға кемуде. Тіпті көріне азайтылған ресми мәліметтер бойынша мынаны көреміз: мәселен, 1950 жылы Американың барлық жоғары оқу орындарының 1-курсына алынатын студенттер саны 1946 жылғымен салыстырғанда 25 проценттен артығырақ қысқартылған. 1951 жылы американың студенттерінің саны бұрынғыдан да гөрі кеміді.

АҚШ-тың қожайындары жоғары оқу орындарын барынша толық фашистендіруге және милитарландыруға тырысады, оларды ірі капиталмен бұрынғыдан да гөрі тығыз байланыстыруға және олардан барлық прогресшіл элементтерді қуып шығуға тырысады.

АҚШ-тың университеттері мен колледждеріне реакцияның шабуылы жоғары білім берудің бүкіл системасын милитарландырумен және оны капитал шонжарларына түпкілікті бағындырумен тынбай отыр. Мұнымен қабат, уни-

меткерлердің творчестволық ынтымағы ғалымдарды өнеркәсіп-стахановшыларының және социалистік ауыл шаруашылығы озаттарының алдыңғы қатарлы тәжірибесімен байытады, ғылыми-зерттеу жұмысына жаңалық енгізеді және жоғары оқу орындарында оқыту ісін бұрынғыдан әрі жақсартуға көмектеседі.

Алып су электр станциялары мен каналдарды салу жұмысы басталғанына байланысты ғалымдар бұл ұлы құрылыстарға көмек көрсетуге мейлінше көңіл аударды.

ССРО кәзіргі уақытта дүниежүзілік мәдениеттің сенімді тірегі болып табылады, алдыңғы қатарлы ғылым мен мәдениеттің таратушысы болып табылады.

Марксизм-ленинизмнің ұлы идеяларымен рухтанған біздің социалистік мәдениетіміз зор табыстарға жетті. Бұл — мәдениетке партияның, үкіметтің және Сталин жолдастың өзінің тікелей көңіл бөліп, қамқорлық іспен отырғандығы оның бұдан былай да тез өркендейтіндігіне кепілдік болып табылады.

Профессор В. ЕЛЮТИН,
ССРО Жоғары білім министрінің
орынбасары.

Қойды машинамен қырқудағы жаңалық

ҰЗЫНАЕАШ. (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Қастек тұқымдық қой совхозында ССРО Совхоздар министрлігінің Ростов механика заводы жасаған қой қырқатын жаңа электр агрегатын өндірісте сынау жұмысы аяқталды. Кәзіргі қолданылып жүрген «РСА-12» агрегатындағы қырықтық машинкалар иілгіш білектің жәрдемімен жоғары асып қойылатын электр двигателіне жалғанады, ал жаңа агрегаттың бұдан айырмасы сол — оның электр двигателдері машинканың тұтқасына қоса орнатылған. Мұның өзі қырықтықшының ең-

бегін едәуір жеңілдететіндігін, бұрын жиі істен шығып қалатын иілгіш білектің енді керегі жоқ екендігін совхоздағы сынау тәжірибесі айқын көрсетті. Жаңа агрегатпен жеті мыңдай қой қырылды. Қырықтықшылардың еңбек өнімділігі 10—15 процент артты, агрегаттың жүн қырку сапасы өте жақсы.

Агрегатқа жаңа үлгі бойынша жасалған қайрағыш аппарат орнатылған. Оның мұқалған дискіні қайрап жетілдіретін арнаулы жануышы бар. Міне, осының арқасында агрегаттың дискілерін бұрынғыдай

әр дүркін босатып алып, қайрап жетілдіру үшін мастерскойға апарудың енді қажеті болмайды.

Қой қырқуды бір жерде ұйымдастыру жұмысы да жақсы нәтиже берді. Осы жерде совхоз бөлімшесінің электр станциясынан берілген электр қуатымен қатарынан 56 қырықтық машинкалар жұмыс істеді. Қойдың отарлары — пункттің айналасында, арнаулы жайылымда бағылып, график бойынша пунктке айдап әкелініп тұрды. Осы пунктте 45 мың қой қырылды.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Кино көргіміз келеді“

Редакцияға Преснов ауданынан түскен, газетке жарияланбаған осы тақырыпты тілші хатында Киров атындағы колхоздың колхозшыларына кино көрсетілмей келгендігі айтылған болатын.

Преснов аудандық Совет аткомі бұл жөнінде редакцияға жіберген жауабында тілші хатында көрсетілген фактілер толық анықталғанын, жылжымалы киноның механигі Дробышевқа әкімшілік жолымен тиісті шара қолданылғандығын, кәзір колхозшыларды киномен тыңғылықты қамту үшін кино фильмдер жоспар бойынша көрсетіліп тұратын болды, деп хабарлады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОП АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКУМЫ 1952—53 ОҚУ ЖЫЛЫНА АГРОНОМИЯЛЫҚ, ЖЕРГЕ ОРҒА БУХГАЛТЕРЛІК БӨЛІМДЕРДІҢ 1 ЖӘНЕ 2-КУРСЫНА С КАБЫЛДАЙДЫ

Техникум орта мамандықтағы егінші агрономдар, жерге техниктер және бухгалтерлер даярлайды.

Оқу мерзімі 4 жыл.

Техникумға 14 жасан 30 жасқа дейінгі азаматтар қабылда жетіжылдық мектепті және орта мектептің 8—9 класын бітірген орта мектептің 10 класын бітіргендер, арнаулы орта оқу орнын алынады.

1 курсқа түсушілерден ССРО Конституциясынан, математика тілі және әдебиеттен емтихан алынады.

Оқу отличниктері оқуға емтихансыз қабылданады.

Оқуды үлгерушілердің барлығына стипендия төленеді.

Қандай бөлімге түсетіндігі көрсетілген өтініштерді директі жіберу керек. Өтінішпен бірге: өмірбаянын, білімі туралы куәжылы туралы куәлігін, денсаулығы туралы анықтамасын, 2 фото жіберулері қажет. Пастортын оқуға түсушілер өздері келгенді көрсетеді.

Өтініштер 1 августқа дейін қабылданады. Қабылдау емтихан 2 августан 15 августқа дейін алынады.

Оқу 1 сентябрьде басталады. Документтер мен өтініштер адреске жіберуі керек:

Петропавл қаласы, Базар алаңы, № 30. Ауылшаруашылық

НЬЮ-ИОРК, 9 июн
әйтед Пресс агенттігі
аралынан берген ха
американ әскер бөлім
лындағы соғыс тұтқы
лагерьлерде соғыс тұ
қанға бояп, қырғынға
қарағанда, американы
нерал Боутнердің

БРАЗИЛИЯДА

МОНТЕВИДЕО, 10

Бразилияның «Импрен
былай деп хабарлайды
сының саяси полицияс
ранғадағы, Бель-Вис
тағы басқа пункттерде
күрестің жергілікті ко
шабуыл жасап, бейбіт
лар қозғалысына қаты
тұтқынға алды. Газетте

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе